

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Испандиярова Айгуль Мадияровна	ОҚМПУ, Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к., доценті	87023759888
2	Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы	ОҚМПУ, Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы п.ғ.к., доцент	87025675030
3	Темірханов Музафар Темірұлы	ОҚМПУ, Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық кафедрасының п.ғ.к., профессоры	87015235890
4	Ерепбаев Нурлан Кыдырбекович	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі	87079351801
5	Дуйсенбаев Ғалым Тастанбекұлы	Шымкент қаласының №10 күрес түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, директордың оқу-спорт жөніндегі орынбасары	87014209999
6	Шалхар Ұлдана Бүркітқызы	7М01402- Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау білім бағдарламасының М1402-11 тобының 2 курс магистранты	87474857687

Сарапшылар

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Базарбаева Клара Конаровна	Еуразия Ұлттық университеті, Дене шынықтыру және спорт кафедрасының доценті	87785237650
2	Ташкеев Даурен Садбекович	М.В. Ломоносов атындағы ММУ ҚБ, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, п.ғ.к.	87013657372

Қысқартулар:

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
ХСБЖ – Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші
ББ – Білім беру бағдарламасы
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
ЖОЖ – Жеке оқу жоспары
ЭПК – Элективті пәндер каталогы
БМ – Бітіруші моделі
ОН – Оқыту нәтижелері
АКТ– Ақпараттық-коммуникациялықтехнологиялар
АБ – Аралық бағалау
МБ – Межелік бағалау
ҚБ – Қорытынды бағалау
ЖБП – Жалпы білім пәндері
БП – Базалық пәндер
ПП – Профильдік (бейіндік) пәндер

Мазмұны

Кіріспе.....	6
1 Білім беру бағдарламасының паспорты.....	
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	7
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	7
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	7
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	7
2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі.....	9
3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары.....	9
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	9
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	10
4 Бітірушінің моделі.....	10
5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері.....	10
6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты.....	11
7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері....	12
8. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы.....	17
9. Білім беру бағдарламасының мазмұны.....	18
9.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің сәйкестігі.....	18
9.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	19
9.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	23
9.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	31

КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы Жоғары Білім берудің Еуропалық Кеңістігінің Біліктілік Аясының 2 циклімен (A Framework for Qualifications of the European Higher Education Area) келісілген екінші деңгейлі Дублин дескрипторларын, өмір бойы білім беруге арналған Еуропалық біліктілік шеңберінің 7 деңгейін (The European Qualifications Framework for Lifelong Learning) және салалық біліктілік шеңберін, педагогтың кәсіби стандартын, өңірлік еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік аясының 7 деңгейіне сәйкес әзірленген.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- құзыреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын(ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;

кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

7M01402-«Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі өзінің кәсіби қызметін білім беру және ғылыми-зерттеу салаларында атқарады.

1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау-құрастырушы ұйымдар;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- негізгі, бейіндік және кәсіптік мектептер;
- педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мекемелер (институт, орталық, ұйымдар);
- кәсіптік білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік;
- ұйымдастыру-басқару.

1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау;
- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында педагог қызметін атқару;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,

- ұйымда жұмыс істейтін әріптестермен және білім алушылармен, серіктестермен сыйластық, ашықтық және өзара түсіністік қағидалары негізінде жақсы қарым-қатынас орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық және IT - технологияларды қолдану;

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- ғылым, білім саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- жаңа жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер аясында алынған білімді интеграциялау;
- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу және орындау мониторингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби қарым-қатынасты және мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру.

Ұйымдастыру-басқару:

- ұйымның стратегиялық басқаруын ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориясы негіздерін меңгеру;
- әр түрлі деңгейде оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру әдістерін анықтау және мазмұнын жоспарлау;
- кәсіпорындардың экономикалық қызметін ұйымдастыру және басқарудағы практикалық проблемаларды шешу;
- түрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнама нормаларын практикада қолдану

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 7M01402-«Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтың кәсіби стандартына, сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

ББ білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, түлектердің дайындық бағыты мен бейіні бойынша дайындық сапасын бағалауды реттейді.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

3.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Ғылым және кәсіби қызмет саласындағы Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпы мәдени және кәсіби моделін меңгерген дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау саласындағы бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- Білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді моделін қалыптастыру;
- Білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- Білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- Білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- Функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары

Білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

4. БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

Бітірушінің моделін құрайтын түйінді негізі:

▪ **Мәдени дағдысы:** азаматтық және адамгершілік тұрғыда жеке тұлға үшін маңызды мәселелерді талдауда өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре алады (БМ1).

▪ **Әлеуметтік-коммуникативтік дағдысы:** тілдердің үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық, салауатты өмір салты негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытады, мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес командада жұмыс істей алады (БМ2).

▪ **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** инновациялық технологияларды қолдануда қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады (БМ3).

▪ **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-зерттеулерді жоспарлауды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру әдістерін меңгере отырып, ғылыми нәтижелерін дәйектейді (БМ4).

▪ **Пәндік білімі:** пәндік саласыны терең игереді, өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып бағалайды, заманауи зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады (БМ5).

▪ **Дамытушы дағдысы:** кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып, өмір бойы оқуға мән береді (БМ6).

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін бітіруші келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

ON1 – дене тәрбиесі саласындағы білім мен түсініктің дамуын, зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және пайдалану кезіндегі зерттеу әдістерін көрсету;

ON2 – стандартты емес жағдайларда кәсіби және басқарушылық мәселелерді шешуге пәнаралық контексте білімді, түсінуді және шығармашылық көзқарасты қолдану;

ON3 – әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, өз пікірін қалыптастыру үшін шет тілін меңгеріп, мәдениеттілігін көрсету;

ON4 – дайындық бейіні бойынша өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелерді анықтау және оларды анатомиялық - физиологиялық, медициналық-биологиялық, психологиялық-педагогикалық құралдар мен бақылау әдістерін пайдалана отырып шешу;

ON5 – пәндік білім мен пәнаралық байланысты дене шынықтыру және спорт саласында келешекте қолдану үшін біріктіру;

ON6 - оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде бейіндік пән бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу, кәсіби-педагогикалық дағдыларды меңгеру;

ON7 - заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып, ғылыми мәселелерді шешу, кешенді кәсіби міндеттерді жүзеге асыру;

ON8 - дене тәрбиесі саласындағы оқушылармен жұмыс кезінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) критериальды бағалау технологиясы қолданылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы

B	3,0	80-84	Қанағаттанарлық
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін ағымдық бақылау ағымдық бақылау бір семестрде 5 апталық аралыққа бөлінген 3 рет қорытындыланады. Әрбір ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ) және т.б. сабақтарында бағалайды, жиынтық балл әр бақылау аптасында Univer жүйесінде автоматты түрде шығады.

Семестрдегі қорытынды рейтинг балы 3 қорытынды бақылау апталарындағы жиынтық балдардың әрқайсысының 20%-ының қосындысынан тұрады. Бұл білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

Емтиханға білім алушы ағымдық бақылаудан кем дегенде 30 балл (өту балы $0,2*(AB1+AB2+AB3) \geq 30$ балл) жинағанда ғана жіберіледі.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

Ағымдық бақылау1 (AB1) ≤ 100

Ағымдық бақылау2 (AB2) ≤ 100

Ағымдық бақылау3 (AB3) ≤ 100

Емтихан (E) ≤ 100

Қорытынды бағалау (ҚБ) = $0,2*(AB1+AB2+AB3)+0,4*E$

Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 2, 3, 7, 8	Жеке тапсырма
ON 3, 5, 6	Портфолио
ON 1,2,3,4,5, 6, 8	Практика есебі
ON 1,2,3,4,5, 6, 7, 8	Аралық қорытынды бақылау
ON 1,2,3,4,5, 6,7,8	Қорытынды аттестация

7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;
- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;
- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- ❖ білім алушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті көзқарасқа негізделген оқыту әдісі;
- ❖ біліктілікке бағытталған оқыту;
- ❖ әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;
- ❖ жобалар әдісі және т.б.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды.

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;

- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

КӘСІПТІК ПРАКТИКА

Ғылыми және педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы магистранттардың практикалық даярлауды (педагогикалық және зерттеу практикаларды, сондай-ақ кәсіби (ғылыми) тағылымдаманы) көздейді.

Педагогикалық практика

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының жалпы мақсаттарына сәйкес магистранттардың педагогикалық практикасының мақсаты кәсіби-педагогикалық қызметтің практикалық білік пен дағдыларды ала отырып, оқу орнында (оның ішінде жоғары мектебі) педагогикалық еңбекке мотивацияны нығайту болып табылады.

Педагогикалық практикаға қойылатын талаптар:

- 1) маманның:
 - психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістері туралы;
 - психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жобалау және жүргізудің теориялық негіздері туралы түсінігі болуы тиіс;
- 2) маман:
 - білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызмет негіздерін және, неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, қолдану;
 - білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру принциптерін және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістерін білуі тиіс;
- 3) маман:
 - нақты кәсіби жағдайларда тұлғалық таңдауды жүзеге асыруды;
 - неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметін жүзеге асыруды;
 - оқу-тәрбиелік мақсаттарды, сабақ түрлерін анықтай білу, білім алушылардың оқу қызметін әр түрлі ұйымдастыру түрлерін пайдалану; оқу қызметінің тиімділігін бағалау, бақылау түрін таңдау және диагностикалауды қолдана білуі тиіс;
- 4) маман:

- ғылыми-зерттеу қызмет нәтижелерін бағалау және ұйымдастыру әдістері мен технологияларын;
- білім беру бағдарламаларының іске асыру дағдыларын;
- ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарының негіздерін: дағдыларын құрылымдау және ғылыми білімнің оқу материалына психологиялық тұрғыдан сауатты түрлендіру, оқу және тәрбие міндеттерін жүйелеуді;
- есептерді, жаттығуларды, түрлі тақырыптар бойынша тестілерді жасау әдістері мен тәсілдерін, пәндік материалдарды ауызша және жазбаша баяндауды, түрлі білім беру технологияларын меңгеруі тиіс.

Практика қорытындысы бойынша есеп:

Педагогикалық практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практика жетекшісі пікірінде педагогикалық қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.). Есеп практика кезінде нақты орындалған жұмыстар бойынша мәліметтерді қамтуы тиіс.

Зерттеу практикасы

Магистранттың зерттеу практикасының отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін практикада қолдану, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялау дағдыларын бекіту мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу практикалардың мазмұны диссертацияның тақырыбымен анықталады.

Зерттеу практикасын өту барысында магистрант өз бетінше 4-5 реферат (әрбір көлемі кемінде 50-бет) дайындау қажет. Есеп келесі мәселелерді қамтуы тиіс:

- ғылымның жаңа теориялық жетістіктерін;
- ғылымның жаңа әдіснамалық жетістіктерін;
- ғылымның технологиялық (инновациялық) жетістіктерін;
- ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, эксперименттік деректерді компьютерных технологияларды қолдана отырып өңдеу мен интерпретациялауды.

Зерттеу практикасына қойылатын талаптар:

1) маманның:

- озық ғылыми әдістерінің және оларды педагогикалық проблемаларды зерттеу кезінде қажетті деңгейде пайдаланудың мүмкіндіктері туралы;
- ғылыми-зерттеу, инновациялық қызмет саласындағы кәсіптік оқыту туралы түсінігі болуы тиіс;

2) маман:

- бастапқы алғышарттар тұжырымын, бастапқы тұжырымдамасын, зерттеу тақырыптын таңдау негізін, мақсаттары мен негізгі міндеттерін; әдеби іздеу әдістерін, жарияланған зерттеудегі мәселе бойынша деректерді жинақтау және жүйелеу, сондай-ақ оларды конспектілеу, қысқаша мазмұн жасау және мәселелерді ғылыми жетекшісімен талқылауды;

- білім беру үрдістерін қазіргі жағдайы мен даму болашағын, кәсіптік оқыту мекемесінің қызметінің ерекшеліктерін;

- педагогикалық үрдістердің зерттеу әдістерін;

- ғылым мен оқыту технологияларының жетістіктерін, кәсіби білім беру саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибелерді білуі тиіс.

3) маман:

- ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметі барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау мен шешуді, сонымен қатар қажет ететін тереңдетілген кәсіби білімін пайдалануды;

- нақты зерттеу міндеттерін негізге ала отырып, қажетті зерттеу әдістерін, қолданыста бар әдістерді модификациялау және жаңа әдістерін әзірлеу таңдай білу;

- әдебиеттегі деректерді ескере отырып алынған эксперименттік нәтижелерін өңдеуді, талдауды және ұғынуды;

- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен библиографиялық жұмыстарды жүргізуді;

- қазіргі заманғы редакциялау мен баспаны тарта отырып қойылатын талаптарға сәйкес орындалған жұмыстар қорытындысын есеп, реферат, мақала түрінде беруді;

- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін жасауды;

- оқу сабақтарының барлық түрлерін тиімді ұйымдастыруды меңгеруі тиіс;

4) маман:

- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;

- ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін шетел тілін қажетті көлемде меңгере отырып пайдалану дағдыларын меңгеруі тиіс;

5) ғылыми қызметін жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүргізуге құзыретті болуы тиіс.

Практика қорытындысы бойынша есеп:

Зерттеу практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практиканың бастапқы кезеңде ғылыми жетекшісі өз пікірінде зерттеу қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.).

Практика қорытындысы бойынша аттестаттау

Кәсіби практика қорытындысы бойынша кафедрада (ғылыми семинарда) бір немесе бір бағыттағы мамандықтың барлық магистранттар есептерінің қорғауы жүргізіледі.

Кәсіби практикалардың қорытынды бағасы қорғау нәтижелері бойынша қойылады.

Практика жетекшісі магистранттың есебіне қарап, практика өту сапасына қорытынды шығарады және бағаны дифференциалды сынақ түрінде қояды.

Практика бойынша бағасы емтихан ведомосына және АБК "Универ 2,0" енгізіледі, теориялық оқытудағы бағалауына теңестіріледі және магистраттардың жалпы үлгерім қорытындысын шығару кезінде және тиісті семестрге стипендия тағайындау ескеріледі.

Магистрант-практиканттың жүргізген практика сапасын бағалау критерийлері:

1. Жүргізілген практиканың жалпы бағасы практикаға қойылатын балдардың арифметикалық ортасынан шығарылады.

2. Егер орташа балл барлық позициялар бойынша:

3,5 болса, онда жалпы қорытынды: жүргізілген практика ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес емес;

3,5 - 3,9 арасында болса, онда жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика қанағаттандырады;

4,0 - 4,5 арасында болса, онда жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика толық көлемінде қанағаттандырады;

4,6 - 5,0 арасында болса, онда жалпы қорытынды: жүргізілген практика біліктілікке және ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сай болып табылады.

8. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы

Ғылыми және педагогикалық магистратурадағы білім беру бағдарламасының құрамында магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы белгіленген.

МҒЗЖ қойылатын талаптар:

1) магистрлік диссертацияның қорғалатын мамандықтың негізгі проблемасына сәйкес келуі;

2) өзекті болып, ғылыми жаңалықты және практикалық маңызды қамтамасыз ету;

3) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындау;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

б) тиісті білім саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге енгізу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі өтілуіне қарай әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттың есебі түрінде ресімделеді. Жүргізілген МҒЗЖ қорытындысы бойынша кафедрада (ғылыми семинарда) бір немесе бір бағыттағы мамандықтың барлық магистранттар есептерін қорғайды.

МҒЗЖ шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда міндетті түрде *ғылыми тағылымдамадан* өту қарастырылады.

Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының ең соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (магистрлік жоба) болып табылады.

9. Білім беру бағдарламасының мазмұны

9.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің сәйкестігі

Білім беру бағдарламасы бойынша анықталған оқу нәтижелері білім алушының бағдарламаны аяқтағаннан кейінгі бітіруші моделін анықтайды.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін байланыстыру матрицасы

ON БМ	ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8
БМ 1		+	+			+	+	
БМ 2	+		+	+		+		+
БМ 3	+	+				+		+
БМ 4	+		+				+	+
БМ 5	+	+		+	+		+	+
БМ 6				+	+	+		

9.2. Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің атауы	Модульдің құрамы	Модульдің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Модульдің оқу нәтижелері	Циклі	Кредит саны	Бітіруші моделі және ББ-ның оқу нәтижелері
1	Кәсіби-гуманитарлық пәндер (КГП01)	Ғылым тарихы мен философиясы	Модуль болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптасытуға ғылыми тарихы мен философиясын, педагогиканың өзекті мәселелері мен методологиялық негіздері жайлы білімдерін дамытуын қарастырады. Қазақстандық қоғамды жаңғыртуға белсенді қатысатын, қазақ, орыс және шет тілдерінде ойын еркін жеткізетін, педагогикалық-психологиялық білімдермен қаруланған бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлау жолдары қалыптастырады.	MON1 – ғылыми-философиялық және педагогика-психологиялық білімін, түсінігін көрсете біледі; MON2 – өз пікірін қалыптастыру мен жеткізуде шетел тілін пайдалана біледі; MON3 – зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында нақты және тиянақты хабарлауды ұйымдастыра біледі;	БП	20	БМ 1,2,3 ON 1,3,4
		Шет тілі (кәсіби)					
		Жоғары мектептің педагогикасы					
		Басқару психологиясы					
		Педагогикалық практика					
2	Ғылыми-әдістемелік дайындық (ҒӘД02)	1. Спорт ойындарын оқытудың заманауи әдістері 2. Дене шынықтыру және спорт биомеханикасы негіздері	Модуль қарастырады: - Спорт ойындарын оқытудың заманауи әдістерін меңгеруді; -дене шынықтыру және спорт биомеханикасының озық тәжірибесі мен тиімді жолдарын, әдістері мен тәсілдерін меңгеруді; -білім алушылардың физиологиялық ерешеліктерін, өсіп-дамуының заңдылықтарын түсінуді; -білім алушылардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу	MON1 - Спорт ойындарын оқытудың заманауи әдістерін және спорт биомеханикасының озық тәжірибесі мен тиімді жолдарын оқыту саласындағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді, зерттеу әдістерін игеруді көрсете біледі; MON2 - Оқушылардың физиологиялық ерешеліктерін, өсіп-дамуының заңдылықтарын және гигиеналық талаптарды дұрыс сақтауға, нығайтуға қатысты зерттеу әдістерін	БП	15	БМ 2,3,4,5 ON 1,2,4,5
		1. Дене сапаларын жетілдірудің физиологиялық негіздерін зерттеу әдістері 2. Дене тәрбиесінің					

		гигиеналық негіздері	жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін қалыптастырады.	оқыту саласында одан әрі оқуды жалғастыру үшін пәндік білімдерін интеграциялай біледі; MON3 - Жоғарғы нәтижелер спортындағы бәсекелесті зерттеу, және дене мәдениетінің білім беру жүйесі мен оқыту саласында идеяны, қорытындылары мен проблема шешімдерін нақты және тиянақты көпшілік алдында хабарлауды ұйымдастыра біледі.			
		1. Жоғарғы нәтижелер спортындағы бәсекелесті зерттеу мен талдау 2. Дене мәдениетінің зерттеу теориясы мен әдістемесі					
3	Арнайы кәсіби дайындық (АҚД03)	Дене шынықтыру және спорттың ғылыми-педагогикалық негіздері	Модуль дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми-педагогиканың мәні, ерекшелігі мен заңдылықтарын толық қарастырады. Кәсіптік білім берудегі сауықтыру-оңалту әдістері сабақтарын ұйымдастыру, емдік жаттығулар жиынтығы мен массаж тәсілдері, емдеу және алдын алу шараларын іс-жүзінде қолдана білуге үйретеді. Спорттағы тамақтанудың жалпы ережелерін және әдіс-тәсілдерін үйреніп, оларды іс-әрекеттерінде дұрыс пайдаланып, дәлдікпен орындау дағдыларын қалыптастырады.	MON1 - дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми-педагогикалық негіздері, ерекшелігі мен заңдылықтарын, сондай-ақ зерттеу әдістерін игеруді көрсете біледі; MON2 - сауықтыру және дене шынықтыру мақсатында дене белсенділігіне және дене жаттығуларына, гигиеналық және табиғи факторларды үнемі қолдануға қажеттілігіне негізделген салауатты өмір салтын қалыптастыру құралдары мен әдістерін қолдана алады; MON3 - сауықтыру дене тәрбиесі және спорттық жұмыстарын жас ерешелігіне байланысты теориясы мен әдістемесін оқыту саласында одан ары жалғастыру үшін метопәндік білімдерін интергациялай біледі; MON4 - спорттың құқықтық	БДП	22	БМ 5,6 ON 1,2,5
		1. Дене шынықтырудың кәсіптік білім берудегі сауықтыру-оңалту әдістері 2. Сауықтыру мәдениеті және массаждың қасиеттері					
		1. ЖОО-да сауықтыру дене тәрбиесі және спорттық жұмыстарын ұйымдастыруы мен әдістемесі 2. Дене шынықтыруда жас ерекшеліктер негіздерінің теориясы мен әдістемелері					
		Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат					

				негіздерін және спорттағы тамақтанудың жалпы ережелерін мен әдіс-тәсілдерін үйреніп, оларды іс-әрекеттерінде дұрыс қолдануда шығармашылық қабілетін пайдалана біледі.			
4	Оқытудың инновациялық әдістері және спорт психологиясы (ОИАСП04)	1. Дене шынықтыру және спорттағы оқытудың заманауи инновациялық технологиялары 2. Ұлттық спорт түрлерін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану	Модуль дене шынықтыру және спортта ұлттық спорт түрлерін оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолданудың заңдылықтары, әдістерін, заманауи жетістіктері туралы білімін қалыптастырады. Спорттағы басқару әдістері нарықтық экономикадағы дене шынықтыру мен спорт ұйымдарын әлеуметтік басқару теориясын меңгеруге, спорт психологиясын оқыту, тұлғаның мінез құлқын және өзін-өзі жетілдіруін, қоғам мен кәсіби ортадағы қарым-қатынасы туралы қалыптастырады. Спорттық адаптология спортшы денесінің жаттығу, жарыстық жүктемелерге және сыртқы орта факторларына бейімделу заңдылықтары туралы білімді қалыптастырады. Ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделе отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдануды қарастырады.	MON1- дене шынықтыру мен ұлттық спорттағы оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолданады және одан әрі оқуды жалғастару үшін метапәндік білімдерін интергациялай біледі. MON2- спорттағы басқару саласындағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді, сондай-ақ зерттеу әдістерін игеруді көрсете біледі. MON3- спорт психологиясы тұлғаның мінез құлқын және өзін-өзі жетілдіруі, қоғам мен кәсіби ортадағы қарым-қатынасы туралы өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін пайдалана біледі. MON4- спорт түрлерін басқару және ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерін, идеяны, қорытындылары мен проблема шешімдерін нақты және тиянақты көпшілік алдында хабарлауды ұйымдастыра біледі. MON5- эксперименттік жұмысты зерттеу және өткізу, мәліметтерді өңдеу және талдау әдістерін талқылай біледі.	БДП	27	БМ 2,3,4,5 ON 1,2,3,4,5
1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік қамтамасыз ету және басқару 2. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі							
1. Спорттық адаптология 2. Спорт психологиясы							
Зерттеу практикасы							

5	Ғылыми зерттеу жұмысы (ҒЗЖ05)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу; МҒЗЖ шеңберінде магистранттың инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтуіне білім дағдыларын қалыптастырады.		ҒЗЖ	24	БМ 1,2,3,4,5 ОН 1,2,3,4,5
---	-------------------------------	---	--	--	-----	----	------------------------------------

9.3. Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын ОН(коды)							
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті											
1	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән ғылыми жетістіктердің қалыптасу үдерісін және адамзаттың түрлі дәуіріндегі философиялық ойлардың дамуын, ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі кезеңдегі философиялық түсініктер мен теориялар, сондай-ақ олардың заманауи ғылымға әсерін қарастырады. Философия және ғылым тарихы пәнін зерттеудің негізі - теорияларды, зерттеу әдістерін, сондай-ақ философия ғылымындағы онтологиялық және эпистемологиялық бағыттары бойынша білімдерін қалыптастырады.	4	+	+			+			
2	Шет тілі (кәсіби)	Шетел тілі пәнінен практикалық курсы бағытталған магистранттардың мәдениетаралық, коммуникативтік және функционалды құзыреттілігін, ағылшын тілінде лексикалық және тілдік ерекшеліктерін дамыту, шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қарастырады. Ағылшын тілде сөйлейтін елдерінің мәдени ерекшеліктерін түсіну, әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, өз пікірін қалыптастырады.	5		+	+				+	

	негіздері	спорттық құрал-саймандармен, механизмдермен өзара іс-қимылын зерделейтін биомеханика бөлімі. Спорттық биомеханиканың мақсаты-спортшылардың шеберлігін арттыру, олардың рекордтарын орнату, сонымен қатар жарақаттанудың алдын алу, бұлшықет тонусын жоғарылату, оңтайлы спорттық жабдықтар, механизмдер, тренажерлер құру. Сондай-ақ, спорттың биомеханикасы дене тәрбиесі практикасында тікелей қолданылады. Спорттың биомеханикасы жалпы, дифференциалды және жеке болып бөлінеді.								
6	1. Дене сапаларын жетілдірудің физиологиялық негіздерін зерттеу әдістері	1. Спорт түрлерінің физиологиялық негіздері дене жаттығуларымен спорт физиологиясының даму тарихын, бейімделу өзгерістерінің қайтымдылығы, дене жүктемелеріне жедел және ұзақ уақыт бейімделудің сапасын, тиімділігін физиологиялық бағалаудың ұстанымдарын қарастырады. Дене сапаларын жетілдірудің физиологиялық негіздерін зерттеу әдістерін оқыту саласында одан әрі оқуды жалғастыру үшін пәндік білімдерін интеграциялайды, кәсіби шығармашылық дағдыларын қалыптастырады.	5	+			+	+		+
	2. Дене тәрбиесінің гигиеналық негіздері	2. Оқушылардың физиологиялық өсіп-дамуының ерешеліктерін, заңдылықтарын, гигиеналық талаптарды дұрыс қолдана білуін, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелерін қарастырады. Оқушылардың қабілеттерін айқындау мен дамыту, балалардың денсаулығын қорғау, гигиеналық талаптарды сақтауға, нығайтуға қатысты зерттеу әдістерін оқыту саласында одан әрі жалғастыру үшін пәндік білімдерін интеграциялай біледі, кәсіби шығармашылық дағдыларын қалыптастырады.								

7	1. Жоғарғы нәтижелер спортындағы бәсекелесті зерттеу мен талдау	1. Жоғарғы нәтижелер спорты бойынша пәндерден берілетін білім көлемі мен оның мазмұнын негіздеп оқытудың тиімді әдістерін қарастырады. Жоғарғы нәтижелер спортындағы бәсекелесті зерттеу, идеяны, қорытындылары мен проблема шешімдерін нақты және тиянақты көпшілік алдында хабарлауды ұйымдастыра біледі, оқытудағы жаңа тәсілдерге кәсіби шығармашылық дағдыларын қалыптастырады.									
	2. Дене мәдениетінің зерттеу теориясы мен әдістемесі	2. Дене мәдениетінің зерттеу теориясы мен әдістемесі бойынша берілетін білім оның мазмұнын негіздеп оқытудың тиімді әдістерін қарастырады. Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесінен білім берудің мазмұндық моделін құрады, талдайды және өңдеп даярлайды, идеяны, қорытындылары мен проблема шешімдерін нақты және тиянақты көпшілік алдында хабарлауды ұйымдастырып, өзінің іс-әрекетінде біліктілікпен қолдану дағдыларын қалыптастырады.	5	+			+		+	+	
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті											
8	Дене шынықтыру және спорттың ғылыми-педагогикалық негіздері	Дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми-педагогиканың мәні, ерекшелігі, заңдылықтарын, сондай-ақ зерттеу әдістерін қарастырады. Оқыту технологиялары туралы білімдерін жүйелеу және тереңдету, олардың дағдыларын іске асыру, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін жетік меңгеруге толық бағыт беру кәсіби тұрғыда біліктіліктерін қалыптастырады.	6	+	+		+	+		+	

9	Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат	Білім алушылардың спорттық және арбитраждық құқық негіздері туралы білімі болуын, жастардың құқықтық қорғалуы мен құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру жолдарын, өмірлік мәселелерді шешуге, бастамашылдығын, кәсіпқойлығын және ақылға салынған шешімдерін көрсету үшін ғылыми білімін шығармашылық түрде пайдалануды қарастырады. Спорттың құқықтық негіздерін үйреніп, оларды іс-әрекеттерінде дұрыс қолдануда шығармашылық қабілетін қалыптастырады.	6	+	+	+		+		
Бейіндеуші пәндер циклі таңдау компоненті										
10	1. Дене шынықтырудың кәсіптік білім берудегі сауықтыру-оңалту әдістері	1. Әлеуетті деңгейдің негізінде-Өзін-өзі жетілдіру және кәсіби қызмет мақсатында студенттердің дене шынықтыруға деген оң саналы қарым-қатынасы жатыр. Дене жаттығуларын ауруларды емдеу және аурулардың, жарақаттардың, артық жұмыстың және басқа себептердің салдарынан бұзылған немесе жоғалған дене функцияларын қалпына келтіру құралы ретінде мақсатты пайдалану.	5		+	+	+			+
	2. Сауықтыру мәдениеті және массаждың қасиеттері	2. Болашақ мамандарды дайындауда терең теориялық білімді жетілдіріп қоймай емдік жаттығулар жиынтығы мен массаж тәсілдерін, емдеу және алдын алу шараларын іс-жүзінде қолданды қарастырады. Сауықтыру мәдениеті және массаждың қасиеттері барынша кең пәнаралық контексте стандартты емес жағдайларда кәсіби және басқарушылық проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін пайдалануды қалыптастырады.								
11	1. Жоғары оқу орындарында сауықтыру дене	1. Жоғары оқу орындарында сауықтыру дене тәрбиесі және спорттық жұмыстарын ұйымдастыруы мен әдістемесін, заңдылықтарын, жетістіктерін	6	+				+		+

	тәрбиесі және спорттық жұмыстарын ұйымдастыруы мен әдістемесі	қарастырады. Жоғары оқу орындарында сауықтыру дене тәрбиесі және спорттық жұмыстарын ұйымдастыру мен әдістемесін оқыту саласында одан ары жалғастыру үшін пәнаралық білімдерін интергациялайды, кәсіби ойлау және шығармашылық көзқарасы туралы білімін қалыптастырады.									
	2. Дене шынықтыру жас ерекшеліктер негіздерінің теориясы мен әдістемелері	2. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезіндегі дене шынықтыру тәрбиесін жас ерекшелік негіздерге арналған өзіндік білім алу деңгейін көтеру бойынша білім беру және дағдыландыруды қарастырады. Дене шынықтыру жас ерекшеліктер негіздерінің теориясы мен әдістемесін оқыту саласында одан ары жалғастыру үшін пәнаралық білімдерін интергациялайды, жұмысқа қабілеттілікті арттыру туралы ғылыми дүниетаным қалыптастырады.									
Бейіндеуші пәндер циклі таңдау компоненті											
12	1. Дене шынықтыру және спорттағы оқытудың заманауи инновациялық технологиялары	1. Дене шынықтыру және спорттағы оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолданудың заңдылықтарын, принциптері, әдістері мен формаларын, заманауи жетістіктерін қарастырады. Дене шынықтыру және спорттағы оқытудың заманауи инновациялық технологияларын одан әрі жалғастару үшін пән аралық білімдерін интергациялайды, теориялық және практикалық білімін алуда жеке тұлғалық өзін көрсету мен өзін дамыту тәсілдерін қалыптастырады.	6								
				+					+		+
											+
											+

	2. Ұлттық спорт түрлерін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану	1. Ұлттық спорт түрлерін оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолданудың заңдылықтарын, принциптері, әдістері мен формаларын, заманауи жетістіктері мен кәсіби ойлау көзқарасы туралы білімін қалыптастырады. Ұлттық спорт түрлерін оқытуды одан әрі жалғастару үшін пәнаралық білімдерін интергациялайды, толық теориялық және практикалық білімін алуда жеке тұлғалық өзін көрсету мен өзін дамыту тәсілдерін қалыптастырады.								
13	1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік қамтамасыз ету және басқару	Дене шынықтыру және спорт қызметін нормативтік қамтамасыз етуді зерделейтін спорт саласындағы әкімшілік-құқықтық реттеудің негізгі бағыттары; осы органдардың құзыретін және олардың ұйымдастырушылық бағыныстылығын белгілей отырып, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару органдарының жүйесі мен құрылымын айқындау; дене шынықтыру және спорт саласында қолданыстағы қағидалардың сақталуын бақылау; осы қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу болып табылады.	6	+	+		+	+	+	+
	2. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі	2. Білім алушыларға арналған оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теориялық және әдістемелік негіздерін, зерттеу, ғылым мен тәжірибенің заманауи жетістіктерін қарастырады. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесін оқытуды одан әрі жалғастару үшін пәнаралық білімдерін интергациялайды, толық теориялық және практикалық білімін алуда жеке тұлғалық өзін көрсету мен өзін дамыту тәсілдерін қалыптастырады.								
14	1. Спорттық адаптология	Жаттығу және бәсекеге қабілетті қозғалыс әрекеттерін орындау кезінде спортшылардың денесіндегі морфологиялық, биохимиялық,								

		физиологиялық және биомеханикалық өзгерістерді, сондай-ақ спорттың ұзақ мерзімді салдарын зерттеудің ғылыми бағыты. Спорттық адаптологияны ғылыми зерттеу саласы-дене жаттығуларын орындау кезінде және қалпына келтіру кезінде спортшылардың жүйелері мен мүшелерінің тұтас мінез-құлқын зерттеу. Зерттеудің негізгі әдісі-спортшылардың денесіндегі жедел және ұзақ мерзімді бейімделу процестерін модельдеу.	6	+	+		+	+			
	2. Спорт психологиясы	Спорт психологиясын оқыту, теориялық ілімі, техникалық, тактикалық және физикалық дайындық, жаттығу мен жарыстың психологиялық негізі, спортшыларды дайындаудың психологиялық аспектілері, сондай-ақ спортшылардың психикалық жағдайын басқаруды қарастырады. Спорт психологиясы тұлғаның мінез құлқын және өзін-өзі жетілдіруі, қоғам мен кәсіби ортадағы қарым-қатынасы туралы өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін қалыптастырады.									
15	Зерттеу практикасы	Ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделе отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдану арқылы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді қарастырады.	10		+			+		+	
16	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделе отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдану арқылы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді қарастырады. МҒЗЖ шеңберінде магистранттың инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда немесе тиісті қызмет салалары бойынша ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтуі қалыптастырады.	24		+			+		+	

9.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары

Білім беру саласының коды және атауы: 7М01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 7М014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау

Білім беру бағдарламасының коды және атауы: 7М014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау

Берілетін дәреже: 7М01402 - «Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Оқу мерзімі: 2 жыл

Оқу түрі: күндізгі

Модульдің атауы және коды	Пәннің коды	Модульді құраушылардың атауы(пәндер, практика және т.б.)	Пәндер циклі	МК/ТК/ЖООК	Кредиттер саны	Бақылау түрі	Барлық сағат	Барлық аудит. сағат	Лекция	СПЖ	ЛЖ	МОӨЖ	МӨЖ	1 курс		2 курс	
						Емтихан/ Есеп								Семестрлер			
														1	2	3	4
														15 апта	15 апта	15 апта	
Қысқартулар: БП-Базалық пәндер, БдП-Бейіндеуші пәндер, МК-Міндетті компонент, ТК-Таңдау компоненті, ЖК-Жоғарғы оқу орнының компоненті, СПЖ-Семинар немесе практикалық жұмыс, ЛЖ- лабораториялық жұмыс, МОӨЖ-Магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы, МӨЖ-Магистранттың өзіндік жұмысы, ҚА-Қорытынды аттестаттау, Е-емтихан, Х-есеп																	
Кәсіби-гуманитарлық пәндері (КГП01)	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	БП	ЖК	4	Е	120	45	30	15		15	60	4			
	ShT 5202	Шет тілі (кәсіби)	БП	ЖК	5	Е	150	45	0	45		30	75	5			
	GMP 5203	Жоғары мектептің педагогикасы	БП	ЖК	3	Е	90	30	15	15		15	45	3			
	BP 5204	Басқару психологиясы	БП	ЖК	3	Е	90	30	15	15		15	45	3			

	PP 5205	Педагогикалық практика	БП	ЖК	5	X	150	150		150					5		
Ғылыми-әдістемелік дайындық (ҒӘД02)	1.SOOZA 205 2. DShSBN 5205	1. Спорт ойындарын оқытудың заманауи әдістері 2. Дене шынықтыру және спорт биомеханикасы негіздері	БП	ТК	5	E	150	45	15	30		30	75	5			
	1.DSZhFNZ A 5206 2.DTGN 5206	1. Дене сапаларын жетілдірудің физиологиялық негіздерін зерттеу әдістері 2. Дене тәрбиесінің гигиеналық негіздері	БП	ТК	5	E	150	45	15	30		30	75		5		
	1. ZhNSBZT 5207 2. DMZTA 5207	1. Жоғарғы нәтижелер спортындағы бәсекелесті зерттеу мен талдау 2. Дене мәдениетінің зерттеу теориясы мен әдістемесі	БП	ТК	5	E	150	45	15	30		30	75		5		
Арнайы кәсіби дайындық (АКД03)	DShSGPN 5301	Дене шынықтыру және спорттың ғылыми-педагогикалық негіздері	БдП	ЖК	6	E	180	60	30	30		30	90	6			

	1. DShKBBSO A5302 2. SMMK 5302	1. Дене шынықтырудың кәсіптік білім берудегі сауықтыру-оңалту әдістері 2. Сауықтыру мәдениеті және массаждың қасиеттері	БдП	ТК	5	Е	150	45	15	30		30	75		5		
	1. ZhOOSDTS Zh UA 6303 2. DShZhENTA 6303	1. ЖОО-да сауықтыру дене тәрбиесі және спорттық жұмыстарын ұйымдастыруы мен әдістемесі 2. Дене шынықтыруда жас ерекшеліктер негіздерінің теориясы мен әдістемелері	БдП	ТК	6	Е	180	60	30	30		30	90			6	
	GZAAKh 6305	Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат	БдП	ЖК	5	Е	150	45	15	30		30	75			5	
Оқытудың инновациялық әдістері және спорт психологиясы (ОИАСП04)	1. DShSOZIT 5305 2. USTOIAK 5305	1. Дене шынықтыру және спорттағы оқытудың заманауи инновациялық технологиялары 2. Ұлттық спорт түрлерін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану	БдП	ТК	6	Е	180	60	30	30		30	90		6		

	1.DShSSNK EB 6306 2. DShSTA 6306	1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік қамтамасыз ету және басқару 2. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі	БдП	ТК	6	Е	180	60	30	30		30	90			6	
	1. SA 6307 2. SBU 6307	1. Спорттық адаптология 2. Спорт психологиясы	БдП	ТК	5	Е	150	45	15	30		30	75			5	
	ZP 6308	Зерттеу практикасы	БдП	ЖК	10	Х	300	300		300							10
Ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ05)	TOMDOKM GZZh 5401	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	ҒЗЖ	МҒЗЖ	24	4Х	720					90	630	4	4	8	8
БП бойынша барлығы					35		1050	435	105	330	0	165	450	20	15	0	0
БдП бойынша барлығы					49		1470	675	165	510	0	210	585	6	11	22	10
МҒЗЖ бойынша барлығы					24		720	0	0	0	0	90	630	4	4	8	8
Қорытынды аттестаттау (ҚА)	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРҚ)				12		360					50	310				12

Барлығы	120	14Е, 6Х	3600	1110	270	840	0	515	1975	30	30	30	30
----------------	------------	--------------------	-------------	-------------	------------	------------	----------	------------	-------------	-----------	-----------	-----------	-----------

Білім беру бағдарламасының көлемі бойынша жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Меңгерілетін модуль саны	Меңгерілетін пәндер саны		Кредиттер саны						Сағаттар бойынша барлығы	Саны		
			ЖК	ТК	Теориялық оқу	Педагогикалық практика	Зерттеу практика	МҒЗЖ	Қорытынды аттестация	Барлығы		Емтихан	Есеп	
1	1	3	4	2	26			4			30	900	6	1
	2	3	1	4	21	5		4			30	900	4	2
2	3	2	1	3	22			8			30	900	4	1
	4	2					10	8	12		30	900		2
Барлығы		10	6	9	69	5	10	24	12	120	3600	14	6	